

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы есептеу орталығы бар Қазақ ғылыми-техникалық және конъюнктуралық-коммерциялық ақпарат ғылыми-зерттеу институтын Қазақстан Республикасының Ғылыми және жаңа технологиялар министрлігі жанындағы Қазақ мемлекеттік ғылыми-техникалық ақпарат ғылыми-зерттеу институты етіп қайта құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 30 сәуір N 336. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999.06.14. N 744 қаулысымен. ~P990744

"Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 12 наурыздағы N 221 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы есептеу орталығы бар Қазақ ғылыми-техникалық және конъюнктуралық-коммерциялық ақпарат ғылыми-зерттеу институтын (ҚазҒКАҒЗИ) Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялық министрлігі жанындағы Қазақ мемлекеттік ғылыми-техникалық ақпарат ғылыми-зерттеу институты (ҚазмемҒАҒЗИ) етіп қайта құру туралы Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ғылым және жаңа технологиялар министрлігінің, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен және Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігімен келісілген ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жаңа технологиялар министрлігінің жанындағы ҚазмемҒАҒЗИ мен Қазақстан Республикасы Экономминінің жанындағы Экономика және нарықтық қатынастар ғылыми-зерттеу институтының тиісті бөліктері Қазақстан Республикасының Экономмині жанындағы ҚазҒКАҒЗИ-дің құқықтық мұрагері деп есептелсін.

3. <*>

Ескерту. 3-тармақтың күші жойылған - ҚРМК-нің 1996.01.09.

N 32 қаулысымен. P960032_

4. Қазақстан Республикасының Экономмині мен Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі ҚазҒКАҒЗИ-ді бөлуді және ҚазмемҒАҒЗИ мен Қазақстан Республикасының Экономмині жанындағы Экономика және нарықтық қатынастар ғылыми-зерттеу институтына тиісті ғылыми, өндірістік және қосалқы

бөлімшелерді, негізгі қорларды, айналым қаражатын, материалдық ресурстар мен қызметшілердің штат санын беруді он күн мерзімде жүзеге асыратын болсын.

5. ҚазмемҒАҒЗИ-ге ғылыми және ақпараттық қызметтің мынадай негізгі бағыттары белгіленсін:

ақпараттық саясатты әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысу;

ғылыми-техникалық ақпараттың мемлекеттік жүйесін, ғылыми-ақпараттық қызметті, ғылыми-техникалық ақпаратты талдау және жинақтау мен халық шаруашылығы мамандарының оған сұранымын жетілдіру жөніндегі зерттеулер мен әзірлемелер жүргізу;

Қазақстан Республикасының ғылыми-техникалық және әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтарына сәйкес құжатты қорлардың, ғылыми-техникалық ақпарат деректері базаларының, банкілерінің жиынтығы түріндегі ұлттық ақпарат ресурсын қалыптастыру жұмыстарын үйлестіру және соларға қатысу;

ғылыми-техникалық бағдарламаларды қалыптастыру, сараптау және жүзеге асыру жөнінде республикада жүргізілетін жұмыстарды ақпараттық қамтамасыз ету;

ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды, диссертацияларды, жарияланбаған алгоритмдерді тіркеу, республикада орындалған ғылыми жұмыстардың қолжазбаларын депоненттеу;

Қазақстан Республикасының ғылыми-техникалық дамуын басқаруды ақпаратпен қамтамасыз ету;

республиканың ұжымдық және жеке абоненттерге ақпараттық қызмет көрсету;

ғылыми-техникалық насихат, аудармашылық және баспагерлік қызмет;

ғылыми-техникалық ақпараттың мемлекеттік жүйесін нормативтік-әдістемелік қамтамасыз ету;

ғылыми-техникалық ақпараттың облыстардағы салааралық орталықтарының қызметіне басшылық жасау;

республиканың ғылыми-техникалық ақпарат органдары үшін кадрлар даярлау мен қайта даярлау және халық шаруашылығы мамандарының ақпараттық мәдениетін көтеру жөніндегі шараларды жүзеге асыру.

6. ҚазмемҒАҒЗИ-ге республика аумағында ғылыми-техникалық ақпаратты мемлекетаралық алмасуды үйлестіретін Ұлттық ақпарат орталығы қызметі жүктелсін.

7. Ғылыми-техникалық ақпараттың облыстардағы салааралық орталықтары қосымшаға сәйкес ҚазмемҒАҒЗИ-ге бағынатын болсын.

8. ҚазмемҒАҒЗИ-ге ғылыми-техникалық ақпаратпен қамтамасыз ету саласында республикадағы министрліктердің, ведомстволардың, концерндердің,

корпорациялардың, бірлестіктердің, кәсіпорындардың, ғылыми мекемелер мен басқа да ұйымдардың ғылыми-техникалық ақпарат органдарының қызметін үйлестіру және оған әдістемелік басшылық жасау жүктелсін.

9. Қазақстан Республикасының Ғылыми және жаңа технологиялар

министрлігі Қазақ мемлекеттік ғылыми-техникалық ақпарат ғылыми-зерттеу институтының Жарғысын әзірлеп бір ай мерзімде бекітсін.

10. "Қазақ КСР Экономика жөніндегі мемлекеттік комитетінің жанында есептеу орталығы бар Қазақ ғылыми-техникалық және конъюнктуралық-коммерциялық ақпарат ғылыми-зерттеу институтын құру туралы" Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 12 маусымдағы N 373 қаулысы күшін жойды деп танылсын.

Қазақстан Республикасы

Премьер-министрінің

бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 30 сәуірдегі

N 336 қаулысына

Қосымша

Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі жанындағы Қазақ мемлекеттік ғылыми-техникалық ақпарат ғылыми-зерттеу институтының бағынысындағы облыстық салааралық ғылыми-техникалық ақпарат орталықтарының

Тізбесі

Ақмола облыстық салааралық
ғылыми-техникалық ақпарат
орталығы

Ақмола қаласы

Ақтөбе облыстық салааралық
ғылыми-техникалық ақпарат
орталығы

Ақтөбе қаласы

Атырау облыстық салааралық
ғылыми-техникалық ақпарат
орталығы

Атырау қаласы

Шығыс Қазақстан облыстық

Өскемен қаласы

салааралық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы	
Жамбыл облыстық салааралық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы	Жамбыл қаласы
Жезқазған облыстық салааралық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы	Жезқазған қаласы
Қарағанды облыстық салааралық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы	Қарағанды қаласы
Қостанай облыстық салааралық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы	Қостанай қаласы
Көкшетау облыстық салааралық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы	Көкшетау қаласы
Қызылорда облыстық салааралық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы	Қызылорда қаласы
Павлодар облыстық салааралық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы	Павлодар қаласы
Солтүстік Қазақстан облыстық салааралық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы	Петропавл қаласы
Семей облыстық салааралық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы	Семей қаласы
Батыс Қазақстан облыстық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы	Орал қаласы
Оңтүстік Қазақстан облыстық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы	Шымкент қаласы
ҚазмемҒТАИ-дің Ақтау бөлімшесі	Ақтау қаласы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК